

"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне адвокаттық қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 5 тамыздағы N 875 қаулысы

Ескерту. Жоба Қазақстан Республикасының Парламентінен қайтарып алынды - ҚР Үкіметінің 2003.03.27. N 298 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне адвокаттық қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

**Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне
адвокаттық қызмет мәселелері бойынша
өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

1-бап. Қазақстан Республикасының мынадай заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Қылмыстық іс жүргізу кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 23, 335-құжат; 1998 ж., N 23, 416-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; N 6, 141-құжат; 2001 ж., N 8, 53-құжат; N 15-16, 239-құжат; N 17-18, 245-құжат; N 21-22, 281-құжат; 2002 ж., N 4 , 3 2 , 3 4 - қ ұ ж а т т а р) :

1) 53-бап мынадай мазмұндағы 3-1-бөлікпен толықтырылсын:

"3-1. Процеске қатысушыларға тапсырылуға жататын, мемлекеттік және өзге де құпияларды құрайтын мәліметтері бар іс жүргізу құжаттарының көшірмелері олармен танысқаннан кейін іспен бірге сақталады және процеске қатысушыларға сот талқылауы кезінде тапсырылады." ;

2) 68-баптың екінші бөлігінің екінші сөйлемінде "алғашқы жауап алу аяқталғаннан кейін" деген сөздер алып тасталсын;

3) 69-баптың екінші бөлігі "істің барлық материалдарымен танысуға және одан кез келген мәліметті кез келген көлемде көшіріп алуға;" деген сөздерден кейін "айыптау қорытындысының және оған қосымшалардың көшірмесін алуға, бұл ретте сотқа

шақырылуға жататын адамдардың тізімінде қорғау куәларын қоспағанда, осы адамдардың мекен-жайы көрсетілмейді;" деген сөздермен толықтырылсын;

4) 74-баптың екінші бөлігі:

"одан кез келген мәліметті кез келген көлемде көшіріп алуға;" деген сөздерден кейін "қылмыстық іс материалдарының көшірмесін түсіріп алуға;" деген сөздермен толықтырылсын;

"іс жүргізу құжаттарының көшірмелерін" деген сөздерден кейін ", соның ішінде айыптау қорытындысының, сот отырысы хаттамасының көшірмелерін" деген сөздермен толықтырылсын;

5) 97-баптың бірінші бөлігі 4) тармақшадағы "құқығы жоқ болса" деген сөздерден кейін ";" белгісі қойылып мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

"5) егер іс бойынша мемлекеттік құпияны құрайтын мәліметтерді зерттеу қажет болған жағдайда, оның мемлекеттік құпияларға тиісті рұқсаты жоқ болса";

6) 108-баптың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

" 108-бап. Анықтаушының, анықтау органының, тергеушінің, прокурордың іс-әрекеті мен шешіміне шағымдарды беру және қарау тәртібі";

7) 125-баптың үшінші бөлігі:

"заңмен белгіленген тәртіпте" деген сөздерден кейін "он күн ішінде" деген сөздермен толықтырылсын;

8) 311-бапта:

баптың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"311-бап. Сот талқылауының тікелей, ауызша және үзіліссіз болуы";

мынадай мазмұндағы 2-1-бөлікпен толықтырылсын:

"2.1. Сот талқылауы демалу үшін қажетті уақытты қоспағанда, әрбір іс бойынша үзіліссіз жүргізіледі. Басталған істі тыңдау аяқталғанға дейін дәл сол судьялардың басқа қылмыстық істерді қарауына жол берілмейді.".

2. Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Қылмыстық-атқару кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 24, 337-құжат; 2000 ж., N 6, 141-құжат; N 8, 189-құжат; N 18, 339-құжат; 2001 ж., N 8, 53-құжат; N 17-18, 245-құжат; N 24, 338-құжат):

1) 84-баптың төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Сотталғандарға заң көмегін алу үшін олардың арызы бойынша олардың санына, ұзақтығына шек қойылмай және олардың құпиялылығын қамтамасыз ететін жағдайларда адвокаттармен оңаша кездесуге - рұқсат беріледі.";

2) 166-баптың екінші бөлігінің үшінші абзацы "санына шек қойылмай" деген сөздерден кейін ", олардың құпиялылығын қамтамасыз ететін жағдайларда" деген сөздермен толықтырылсын.

3. "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы Кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж.,

№ 5-6, 24-құжат; 2001 ж., № 17-18, 241-құжат; № 21-22, 281-құжат; 2002 ж., № 4, 33-құжат) :

1) мынадай мазмұндағы 86-1-баппен толықтырылсын:

"86-1-бап. Адвокаттық құпияны құрайтын мәліметтерді жария ету Адвокаттың пайдакүнемдік не өзге де опасыз ниетпен, сондай-ақ заң көмегін алу үшін жүгінген адамның келісімінсіз, адвокаттық құпияны құрайтын мәліметтерді жария етуі, - айлық есептік көрсеткіштің оннан елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

2) 587-баптың тақырыбында және мәтінінде "заңды өкілдері", "заңды өкілдерінің", "заңды өкілінің", "заңды өкілі" деген сөздер "өкілдері", "өкілдерінің", "өкілінің", "өкілі" деген сөздермен ауыстырылсын.

2-бап. Осы Заң жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК